

Мутиев Зинулла Жаксылыкович¹,

филология ғылымдарының кандидаты, доцент, профессор, М.Өтемісов атындағы
БҚУ, Қазақстан Республикасы, 090006, Орал қ., Н. Назарбаев даңғылы, 162,
zinulla_mutiev@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-4121-4171

Қуаныш Талап Таймасұлы*²,

аға оқытушы, "Батыс Қазақстан инновациялық- технологиялық университеті"
ЖЖКББМ, Қазақстан Республикасы, 090006, Орал қ., Н. Назарбаев даңғылы, 208,
talap65@mail.ru, ORCID ID: 0009-0007-3847-3750

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

Аңдатпа. Қадыр Мырза Әли – қазақ поэзиясында ұлт рухын қалыптастыру жолында бойындағы қабілетін ұлт тынысымен үндестіре өмірінің ақырына дейін еңбек еткен жан. Қаламгердің қарымды қаламынан, парасатты ойынан туындаған әр туындысы ұлтымыздың таза бейнесі, болмысы, табиғаты, мәдени қалыптасуы. Еңбектеген бала, еңкейген қарияға дейінгі қазақ өмірінің тұрмыстық этикасы, мінез- құлқы, психологиялық дамуы. Қадыр поэзиясының тілі-халық тілі. Себебі, Қадыр Мырза Әли ұлт тарихын, мінез-құлқын, ойлы, айшықты сөздерімен нақты суреттейді. Осыдан-ақ Қадырдың ұлт үшін қызмет еткен абыз ақын екенін байқаймыз. Ақын поэзиясының ұлттығы да осында. Балаларға арналған әр өлеңінен тағылымды жол көрсек, жырларынан көсемдік пен шешендік лебін аңғарамыз. Бұл ұлт қанының қасиетінен белгі береді. Қазақтың дархан даласы, бел-белесі, жота-қыры, тау-тасы, жайлау-қыстағы, жусан-жуасы, төрт түлігі, талбесігі, киіз үйі, домбыра-қобызы, саз аспаптары, бесқаруы, ойын-сауығы, жеті қазынасы, аламан, көкпары, т.б. – тарих, ұлт құндылығы. Қазақ - осы құндылықтарымен қазақ. Ал, осы ұлт құндылықтары Қадыр поэзиясының көркемдік, тақырыптық шырайы десек, қателеспейміз. Ақын көркем поэзиясы арқылы ұлтына тағылым нәрін береді, сөз құнарын сіңіруге, ұлт құндылығына тұшынуға жол көрсетеді.

Кілт сөздер. Ер-тоқым, шаңырақ, бесік, қыстау, құсбегі, домбыра, шежіре, мейман, арғымақ т.б.

Кіріспе. Қадыр Мырза Әли поэзиясы қазақ халқының ұлттық мүддесін қалыптастыру үшін қызмет еткені ақиқат. Ақын шығармаларынсыз қазақ әдебиетін жұтаңдау сезінеріміз сөзсіз. Ақын «Әдебиетті ұлттың жаны» деп түсінгендіктен, шығармаларында ұлттық образ айқын берілген. Өйткені, ақынның әрбір өлеңінен қазақ халқының нақты келбет-болмысын көреміз. Әдебиет тарландарының сөзіне сүйенсек, «Қадыр Мырза Әли ұлт тарихын, мінез-құлқын, ойлы көзбен өлшеп суреттейді. Онда терең идеялық мағына бар», – дейді Қадыр поэзиясы хақында сөз қозғаған академик С.Қирабаев [1.129-130 бб.]. Көрнекті қаламгер Аманхан Әлім Қадыр хақында: «Ол қазақ поэзиясы арқылы алып Қазақстанның, оның ішінде ұлтымыздың тұтастай понорамасын жасаған тұлға. Оның поэзиясы бізді поэтикалық өнердің заңдылығы мен ерік еркіндігіндегі сезім мен ойдың уақыты мен кеңістігін, биіктігі мен тереңдігін асқан жауапкершілікпен сезіндіріп, білдіретін ерекше құбылыс!» [2] - деген ойымен баға берген.

Ақын өлеңдерінің поэтикалық қуатын күшейтіп тұратын ерекшелігі – ондағы ұлттық сипатты танытатын ұлттық мазмұн мен пішіннің бірлігінде, ұлттық дәстүр мен образды ойлаудың жаңашылдығында, символизмнің шынайылығында. Қазақ поэзиясының көркемдік дәстүрінен мол сусындаған ақын өлеңдерінде тың ой, жаңа ізденіс, рухани кеңдік, көркем суреттер мен шынайы образдар көптеп кездеседі. Ақын поэзиясындағы дала, домбыра, бесік, тау, тұлпар, киіз үй сияқты ұғымдар символдық мәнге айналған ұлттық көркем дәстүріміз.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Жұмыстың негізгі нысанасы етіп алынып отырған Қадыр Мырза Әли поэзиясының, оның ішінде ұлтқа тән табиғатын, жалпы қарастырылып отырған туындылары жанрының табиғатын таразылап, саралау – сол шығармалар дүниеге келген кездегі әдеби процестің табиғатын түсінуге жол ашар игі қаракет.

Нәтижелер және оларды талқылау. Қадыр Мырза Әлидің ұлттық-тағылымдық туындылары, олардағы ойшылдық таным негіздерінің көрініс табуы. Жұмыста қолданылып, талданған материалдардың теориялық қорытындылары мен тұжырымдарын Қадыр Мырза Әлидің шығармаларын зерттеуде, қазақ әдебиеті курсы жасауда, ақын шығармашылығына қатысты арнайы курстарды оқыту барысында пайдалануға болады.

Туған халқын, даласы мен тауын, өзендері мен ормандарын сүйіп, сағыныштарын баса алмай өтетін ұлы перзенттерінің ұлы махаббатының жауабын туған халқы қашан да кең жүректілігімен қайтарары сөзсіз.

Өмірі өлеңмен өрілген қазақтың бір ақынға зар болған заманы жоқ шығар. Солай десек те, тарихи тамыры тереңге тартқан, бір шетінен бір шетіне жеткізбес дархан даламызға даналық жырдың дәнін сеуіп кеткен ақберендердің бүгінгі кезеңдегі жалғасы Қадыр Мырза Әли поэзиясының бесік жырын тыңдайтын сәбиден бастап, өмірдің бағасын түсінген қарттар жүрегіне дейін бауыр басқанында бір керемет сыр бар сияқты.

Бүгін ісі қазақ Қадыр Мырза Әлиге арнап ән мен жырдан, көркем туындыдан рухани дүниелер мұралауда. Қадыр - қазақтың қасиетті өлеңіне тізе бүгіп, бас ие отырып, биіктеп, асқақтаған, махаббатымен, арман-сағынышымен ұлттық ақын. Ол халықтың рухын төбесіне көтеріп, ұлттық сананың сәулелі өрісін кеңейтіп, адамзаттық ой-сезім аспанына өзінің өшпес жұлдызын жақты.

Елдің сүйікті қаламгеріне айналып, ұлы мұра қалдырған Қадыр қазақ поэзиясына ерекше түрмен келген ақын. Ақын поэзиясының бүкіл бітімінде ұлттық ойлау философиясы мен ұлттық бейнелеу көркемдігі біте қайнасып жатады. Ақын өзінің «Шындық» атты өлеңінде;

Өтірік жырдың қайдағы,
Болмайсың жетіп шетіне.
Ақиқат-сөздің қаймағы,
Тұрмайды шықпай бетіне-

деп, жырдың ақиқаты – сөздің қаймағы екенін, шындықтың шырайын пәлсапалық штрихпен дәлелдейді.

Әдебиет тарихы тағылымымен ғұмырлы. Абай тағылымы, Мұхтар тағылымы, ендігі кезең Қадыр тағылымы. Қадыр қаламы қасиеттің бояуына малынған десек, артық емес. Оқырманна орамды да орайлы, тура да тұшымды ойдың өрісін ұсынады. Тамырымен тамырлассаң тағдырың, ұғыныссаң ұлттығың, қанаттасаң қазақтығың! Жырларының жылуына жылынып, шуағына шомылсаң, ұлттығыңның ұлылығына ұмтыласың. Әр сөзінің бастауын тұнықтан тартатын ақын елдігіміз бен ертеңіміздің негізі-көненің көркі екенін былайша жырына арқау етеді;

Ауыл осы түлігін жамыратқан,

Атаң анау түспейтін қоңыр аттан.
Ерлік исі шығады ер-тоқымнан,
Тарих исі шығады шаңырақтан.

Аз ғана түйінде бүкіл ұлттығымыздың келбеті поэтикалық тізбектеме арқылы сипатталған. Дархан даладан даналық, ауылдан төзімділік алмай, ер-тоқымды тақымдамақ түгіл түсінде көрмеген, тарихына танау шүйірген, шаңырақтың қасиетін бойына алмаған көзі қараң ұрпақ үшін дидактикалық шеберлікпен берілген ұлағатты сөз. Бір шумақ – тұтас ұлт тарихы. Әр тармағынан әдеби ажарлау көрінеді.

Бұл бағыт бұнымен тоқтап қалмайды. Академик З.Ғабдолов: «Әдеби тілді ажарлаумен, құбылтумен қатар, керек жағдайда айшықтай білген жөн. Әдеби тілдің әсемдігі ғана емес әсерлілігі үшін де әжептәуір қажет тәсіл-айшықтау»-дейді [3].

Қазақы мінезді қалыптастыруға бесік болған қазақы қыстаудың қасиеті, халқымыздың дархандығы, құмарын құсбегілікпен қандырып, даланың сырын ұрпағына өнегелеген қарттардың өнегесін көрсетуде осы поэтикалық тәсілдер тиімді жол тапқан. Мәселен;

Құсбегі қарттар көп мұнда,
Құмарлығы әлі қанбаған.
Қазақтың үйі жоқ мұнда,
Қарлығаш ұя салмаған.

Осы орайда сөз етсек, қазаққа тән тағы бір ерекше жарасымды қылықтың бірі- бүгінгі күнде болмысынан алыстанқырап қалған қалжыңдасу. Қазақы құрдас қалжыңы көңіл ажарын келтіретін, адаммен адамды жақындастыра түсетін ұлттық ерекшеліктеріміздің бірегейі. Осы көрініс ақынның «Қылжақбас» өлеңінен айқын көрінеді. Ұлттығымыздың бейнесін салыстырмасыз көрсететін ғұрпымыздың шоқтығы көтеріңкісі- қонақжайлығымыз бен бауырмалдығымыз, шашпалығымыз. Қолда барын қонағына сақтап, қонақтан ауысқанын өзі жейтін жомарттығымызды бойдан ажырату қиын. Бұл - байырғы бабадан қалған бойға сіңген қасиет.

Ұлттық эстетикалық эмоцияны Қадыр ақын «Қазақ пен қонақ» өлеңінде еш боямасыз, реңсіз көрсеткен. Мәселен, өлең жолдарындағы:

«Қонақсыз, той-думансыз өткен өмір,

Өмірге саналмайды қазақ үшін» немесе «Адамдар арасында ғұмыр кешіп, Адаммен араласпау-Азап оған. Нағыз жомарттық бейне; «Мейманға нәрін беріп, Барын беріп, Қонақтан қалғанын жеп отырады» деген жолдардан қазаққа тән табиғилық көрінеді. Ұлтын сүйген ақынның бейнелі сөздері ұлт психологиясымен бітiсе берiлген поэтикалық айқындауыш, тіпті көз алдына аңғал- саңғал, маңдайы тершіген, жүзінен мейірбандық көрінген, құшағын жайған қазақ бауырымыздың өзі тұра қалады.

Қадыр ақын поэзиясы хақында зерттеу жүргізген сыншы-ғалым Б.Кәрібаева: «Қадыр өлеңдеріндегі драматизм табиғаты ерекше. Ондағы контраст ой мен ойдың, ұғым мен ұғымның арасынан емес, жаратылыстың, өмірдің философиялық қойнауынан іріктеледі» - дейді [4]. Осы тұрғыдан қарасақ, болмыстың бәріне байыппен қарайтын ақын көзі қырағы. Еш нәрсе қалыс қалмайды. Бұл шын дарынға тән. Қазақ шаңырағын бесік пен домбырасыз елестету қиын. Домбыра-ұлттың тынысы, ұлттың тарихы, шежіресі. Көне мен жаңаның арасын жалғастырушы қасиетті көпір. Содан болса керек ақын: «Қазақ-нағыз қазақ емес, Нағыз қазақ-Домбыра!» деген өрнекті ой салады. Бұнымен тоқталмай, «Білгің келсе біздің жайды, содан сұра тек қана; Одан асқан жоқ шежіре, одан асқан жоқ данаң деп, халық тарихының куәгері екенін жариялайды, жариялап қана қоймайды ұлтының жүрегінде соқтырып:

«Біз екеуміз үндемелік, домбыра бір сөйлесін,
Екі ішегі-екі жүрек, таба білген үйлесім.

Толы көңіл дір-дір етсін, шып-шып етсін, төгілсін,
Біз екеуіміз үндемелік, домбыра бір егілсін!» -

деген көркемдікпен бойынды шымырлата қан тамырларын шарлай жөнелтеді. Мазмұн мен көркемдік үйлесім! Ал, әр қазақтың тұңғыш киелі отауы-бесіктің қадыр-қасиетін қалпынан бұзбай, қастерлеуді, жалғасына жан бітіре, суреттейді.

Мәселен,

Бәрін тастап осы күн,
Жеткен ұлы мұратқа.
Домбыра мен бесігін,
Тастамаған бірақ та!

Өлең техникасындағы пішіндік қолданыс мазмұнмен жымдаса берілген. Композициялық құрылым астарсыз, айқын.

Ақын ақын ба, ақындарша ұлтының ұтымды тұстарын жырламаса, қаламының қасиетімен ұрпақ санасын суармаса, аталарымыздың сара жолындағы салиқалы істерінің тұтамдысын уысқа ұстатпаса, өнегелемесе!

Жазушы Н.Ақыш: «Біз, ең алдымен, бүкіладамзаттың емес, ұлттық құндылық жасауды армандауымыз керек. Сонда ғана бізді әлем таниды, өзге ұлттар мойындайды. Біз әлемді ұлттық құндылықтармен ғана таң қалдырамыз» [5] -деген ой айтқан болатын. Жазушының осы ойы Қадыр поэзиясының мүддесімен үндес-ақ.

Қадыр ақын жас тілектердің нәзік жібек жібін жалғаушы, назымен нар идірген жеңгелердің жеңгетайлық жолын да қаламына арқау еткен. Еркежанына алтыбақан сырын сырмалап жеткізген жеңге харакеті-жастардың табысу немесе өмір жолындағы тоғысу ережесі болған. Ақынның «Жеңгейлер жыры» атауын еншілеген өлеңінен осы сөздердің дәлелін көреміз. Мәселен,

Ауырдың ба?-
Жаныңды ұғар тәуіп тап.
Ал махаббат аурудан да қауіпті-ақ.
Сүйдің екен-
Бас айналып, буының,
Босағанша алтыбақан теуіп бақ!

Немесе:

Амал жоқ деп көздің жасын бұлама,
Аңқау ерді түсіретін бір амал;
Бас құрғыр барады деп айналып,
Батырыңның құшағына құлап ал!

Жеңге сыры осылайша жалғаса береді. Жөн білетін жеңге еркежанын қыз арының шекарасының сенімді сақшысы «ұятң пен «имандың санасынан шығармауға бекітеді. Әже мен жеңгелер жолы ұлы имандылық пен ұяндықтың көшін бұзбай, көркін келтіргенін тағылымдайды. Бұл заманда тең теңіне табыспай, төр төріне қосылмай жатқан тұстарымыздың тұманмен тұмшаланып тұрғаны ақиқат. Ал ақын болса, осыған оңды жол көрестеді.

Ақын поэзиясындағы көрікті көрінер алтын көмбе-шынайылық пен танымдық иірімдері. Қаламгер шығармашылығына көрік берер тың теңеулер немесе бедерлі де бейнелі сөздер керуені ақын поэзиясының жаңашылдық қырын танытады. Ақын өзінің шығармаларында көркем образ жасауда, сөзбен сурет салуда өзінше мәнер, машық танытып, көріктеу құралдарын орасан шебер қолданады.

Атам қазақтың белдеуін арғымағы, желісін құлыны босатпаған. Арғымақ-қазақ ұғымында ер қанаты. Тарихымен тамырлас келе жатқан жұмыр тұяқ жануарды төбесіне көтерген қазақпыз. Содан болар Қадыр ақын:

Алағызып тұратын аттансырап,
Аты жоққа
Көбірек батқан, сірә!
Боздалада боздаған бабаң жайын,
Білгің келсе, жас ұрпақ, аттан сұра!-

дейді. Болмаса төскейін көкпардың қызығымен қыздырған қазақ үшін аттың құны қандай екенін бүгінгі ұрпақ жадына салады, құндылығына құштарлықтарын оятуға тырысады. Ақын сөзімен көз салсақ:

Көкпар тартып,
Құйғытып құр ат шауып,
Басылмаған жол шаңы,
Қырат шаңы...
Қазақ үшін ер-тоқым тақтан қымбат,
Қазақ үшін арғымақ бір патшалық! –
деген ұлт мұрасына жолығамыз.

Жаңа өмірдің есігін ашқан бөбекті өмір әуеніне, дағдысына қалыптастыру бесік жырынан, ананың тәтті әуенінен басталады. Қазақ ғұмырында бесік жырының алар ролі үлкен. Жөргегін жөнімен көрген нәрестенің жөні түзу ғұмыр кешері сөзсіз екені өткен жолымыздан айқын. Бесік жыры- қазақ баласы үшін алғашқы саз, алғашқы тағылым. Қадыр ақын да осы қағиданы өнегелей білген. «Бесік жырың деп аталатын өлеңі өнеге-өсиеттің қалпын бұзбай, тағылымның жалғасы іспетті жазылған. Мәселенки, мына бесік жырының жолдарынан анық тұшынамыз:

Құрық салып құр атқа,
Тезірек жет мұратқа!
Қара судай қажет бол,
Сұйық болма бірақ та!

Немесе:

Құрық салып құр атқа,
Тезірек жет мұратқа!
Сары күздей сақи бол,
Шашпа болма бірақ та!

Өлең жолдары осылайша тағылым таразысын теңестіре өріле береді. Параллизмдік шеберлікпен берілген ұлт тағылымының этикалық болмысы. Поэзия тіліне түсіп, лирикалық кейіпкердің толғанысын, ішкі ой толқынын, сезімін поэтикалық мен арқылы жеткізер дәрежесіне ие болғанда, бұлар да ерекше ажарланып, әсерлі көрініп тұр.

Өлең сөзі бірыңғай антонимдік қатарлардан құралып тұрғандығын келесі жолдардан аңғарамыз. Қадыр ақынның замандасы, белгілі ақын Ж.Набиуллин шығармашылығын зерттеуде: «Тағдырының талқысына, тарихының теңіне түскен қазақ ұрпақ мәселесіне бірінші ой жүгірткен. «Әр бала өз ырысымен келеді» деген қағиданы тірлігінен қалыс қалдырмай, тарыдай бытыраса да ұрпағын өрбіткен, өшірсе де қайта өскен ұрпақпыз. Тәй-тәй басқан бір баласын жетегіне алса, тетелесін арқасынан түсірмеген, маңдайына салқын соқтырмай, етегімен жапқан аналар бүгінгі күнге керек-ақ» [6] – деген ой түйіппіз.

Ақын «Он баласы бар ана» өлеңінде жетім өссе де, аналық парызын өтеп жетілген ана бейнесін суреттейді, құрметтейді. «Он баласы бар ананы бүгінде, Он есе артық сыйлау керек басқадан!» немесе «Немереніз бір команда бүгінде, Жиеніңіз, аз дегенде бір арба!» деген жолдармен ұлын өсіріп, тынысын кеңейткен, қызын өсіріп, өрісін кеңейткен саликалы ананың аласармас тұлғасын сомдайды, өнеге тұтады. Ал мына жолдар керісінше, «Жаялықтан қашқан жандар бұл кезде, Жүр қазірде ермек қылып

мысығын», «Қиынынан қашқан жандар сәбидің, Ит жетектеп қыдырады бүгінде!» деген ойтүрткі тіркестерден құралып, ұрпақ мәселесіне көңілдері салқын қандастарға қарсы үн қатады, намыстарына от береді. Бала байлығын бағаламай, күндік өмірдің құлына айналған қанағатысыз пенделерге мұрасыз байлықтың мұраты жоқ екенін ескертеді және ес жиюға шақырады.

Жортқанменен қалмайды ғой із құмда,
Жүрмеген соң ұлың онда, қыз мұнда.
Қалтасында жүз мың қалмақ біреудің,
Бір мұрагер жоқ бірақ сол жүз мыңға!

Орамды да ойлы сөз. Тоқтаусыз-ақ тұрақтандырар түйін.

Біз, қазақ халқы, ғасырлардың ұрпағымыз. Семсерімен кектенген емес, семсеріне серт берген халықпыз. Дұшпанына бас иеген, нарлығынан тарлық көрмеген, жауыздыққа жарлық бермеген қазақпыз, иілсе де сынбаған, намысын қайрап шыңдаған қазақпыз. Ақын осы тұлғаның сақталғанын қалайды, ұсақтықтан сақтайды, иілгенді даттайды. Ерлерге ерлеше ғұмыр кешудің мәрттік екенін жеткізеді: «Қабат-қабат бұлт төнсе де басыңа, Қабағыңды шытпа, жігіт, жасыма!» десе, кейінгі жолдарда:

От ішінде,
Өрт ішінде күйгенде,
Басыңды име,
Тізе бүкпе,
Именбе!
Ер еңкейсе еңкейеді
Жалғыз-ақ
Туған жердің топырағын сүйгенде!» -

деп, азаматтың арының биіктігі қашан да төмендемейтінін ұрпаққа жар салады, тағылым алуға ұмтылдырады. Бұндай серпілту тағы бар:

Қосылмасаң дәуірдің ағысына,
Қалай тура қарайсың танысыңа.
Жігеріңді тот басса-жасығаның,
Жанып-жанып ал оны намысыңа!-

дейді көсем ойлы ақын шешендік орамды сөздерінде.

Қадыр ақын поэзиясы –бүкіл ұлттың болмысы, ұғымы, тарихы, рухани тынысы.

Жайлауын жайлаған, дархан мінезді, бауырмал да жомарт, ашылып-шашылған жабусыз бауырларымыздың бітім-болмысының тұтастығын боямасыз көре аламыз. Ақын ұлтын: «Құйрық жалы таралған сәйгүлікті сүйетін қазақ», «Көкпар тартып, қыз қууға жаралған қазақ», «Ағыл-тегіл, көл-көсір қазақ», «Аңғал-саңғал жабусыз қазақ», «Жатырқауды білмейтін қазақ», «Қонағына шабылатын қазақ», «Той-думансыз оты түзу жанбайтын қазақ», «Беруден алдына жан салмайтын қазақ», «Құда бол деп қинайтын, құдаларын сыйлайтын қазақ», «Батыр халық, ақын халық-қазақ», «Дүние малын шашу үшін жинайтын қазақ» деген анықтауыштармен айқындап бере береді. Бұл – ұлтын сүйгеннен туындаған ұлының сөзі.

Қадыр ақынның ұлттық тағылымдағы қай өлеңін оқысақ та, осындай күшті жігер, бейне бір кең даланың самалы есіп тұрғандай. Табиғаттағы, өмірдегі құбылыстарды, адам қарым-қатынасындағы әрекеттерді бір-бірімен салыстыру, салыстыра тұрып теңеу, баламалау арқылы бейнелеп, ажарландыру, оқырманының сезіміне тиер эмоциялық әсерін күшейтулер ақын шығармашылығында мол қолданылған.

Мұндай құбылыстың дала әуенінен несі кем. Сөз шебері бұған ұқсастығын жасырмайды да. Даласы мен данасын қадірлеген ұрпақтың баласы екенін мақтан тұта, өзгелерге еншілейді. Даласындай дархан болуды мұралайды.

«Дала менен қалаға, Ортақ өскен баламын. Немесе: «Дала болып тыныстап, Маужырап дем аламын» деп жайлылықты, «Қарыз берсем біреуге, Дала құсап беремін» деп жомарттықты, «Дала кезде дарқанмын, Ашық жарқын қабағым» деп кеңшілікті, «Далам кезде ойылды, алақаным, аяулым» деп еңбек тынысын, «Даладан көп күй ұқтым» деп ұлттық өнер өрісін, «Қалада мен кептермін, Далада мен киікпін» деп еркіндікті жырлайды. Дала мінезді қазақта даналық барын, байтақ даланың нәрін, қадірі мен қасиетін ұғындыруға өлеңінің өрнегін аямайды.

Бұл бағыттағы талдау тек қана бірнеше өлеңінен ғана алынды. Ал толықтай алар болсақ, ғұмырлы дастан болары сөзсіз. Өйткені, Қадыр поэзиясы- қадыры арта түсетін ұлттық тағылым!

Қорытынды. ҚР Мәдениет қайраткері Қ. Сәрсенбай «Қадыр Мырза Әли – халықтың рухани биігіне айналған тұлға. Көпшілікке оның ақындығынан бөлек, ұқыптылығы мен еңбекқорлығын да үлгі етуге болады»-дейді [7]. Шынайы да нақты баға! Қадыр Мырза Әли – ұлт ақыны. Қазақ деген тегі мықты, тарихи бай, тағдыры күрделі, түйсігі мың қатпар, астарлы, алапат тілді, қабілетті, қаһарман, қайсар халықтың тұңғышына бойлап, кеңдігіне кепіл боп, бітімімен біте қайнасып, ұлылығын, рухын, ар-ұятын, үмітін барынша әспеттей отырып, кемшінің мінін, қайғысын, сорын азаматтық тұрғыда қазып айта алған сыншыл да ойшыл ұлы ақын.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қирабаев, С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті [Текст] / С.Қирабаев. – А., 1998 – 218 б.
- 2 Аманхан, Ә. Талант тағлымы [Текст] / Ә. Аманхан //«Ана тілі» газеті – 2007 – 15-желтоқсан
- 3 Қабдолов, З. Қадырдың қадірі. Қадыр Мырза Әли. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. 1-т. [Текст] / З. Қабдолов. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2001 – 440 б.
- 4 Кәрібаева, Б. Қадыр поэзиясы хақында [Текст] / Б. Кәрібаева // Жұлдыз – 1985 – №10
- 5 Нұрдаулет, А // «Қазақ әдебиеті», 19-желтоқсан, 2009
- 6 Қуаныш, Т. Жайықтың жыр жампозы: монография [Текст] / Т. Қуаныш – Орал: «Ағартушы» баспасы, 2012 – 230 б.
- 7 Сәрсенбай, Қ. Қазақтың Қадыры. [Текст] / Қ. Сәрсенбай – «ARNA-B» баспасы, 2020.

REFERENCES

- 1 Kirabaev, S. Kenes dauirindegi kazakh adebieti [Kazakh literature of the Soviet era]. A., (1998): 218 b. (In Kaz)
- 2 Amankhan, A. Talant taglymy [Talant taglymy]. «Ana tili» gazetі, (2007): 15-zheltoksan
- 3 Kabdolov, Z. Kadyrdyn kadiri. Kadyr Myrza Ali. Tandamaly tuyndylarynyn kop tomdygy. 1-t. [Many volumes of Selected Works. T.1.]. Almaty: «Kazygurt» baspasy, (2001): 440 b.
- 4 Karibaeva, B. Kadyr poeziyasy khakynda [Kadyr poetry]. Zhuldyz (1985): №10
- 5 Nurdaulet, A // «Kazakh adebieti», 19-zheltoksan, 2009
- 6 Kuanysh, T. Zhaiyktyn zhyr zhampozy: monografiya [Zhyr zhampoz of the Urals: monograph]. Oral: «Agartushy» baspasy, (2012): 230 b.
- 7 Sarsenbai, K. Kazakhtyn Kadyry. [Kazakh Kadyr]. «ARNA-V» baspasy, (2020)

НАЦИОНАЛЬНАЯ ТРАДИЦИЯ В ПОЭЗИИ КАДЫРА МЫРЗЫ АЛИ

Аннотация. Кадыр Мырза Али – это поэт-писатель, чье творчество было полностью посвящено идее воспитания и формирования народно-национального духа. В каждом его произведении мы можем увидеть национально-духовный облик, сущность, ментальную природу, культурно-духовный рост. В его произведениях широко

представлены культурно-этические особенности казахского быта, характер и его психологическое развитие в разные периоды. Язык поэта истинно народный. В этом мы можем убедиться, читая его красочное художественное описание истории, характер казахского народа. Кадыр – истинно народный поэт-философ. Стихотворения, посвященные детям, наполнены мудростью, пронизательностью и красноречием. Этого поэт добивается путем использования сакральной национальной атрибутики, предметами быта и окружением, которые стали кодом нации. Это и бескрайние степи, холмы и горы, луга, жайлау и зимовки, душистый полынь, четыре вида скота, называемые «Торт тулик», национальная колыбель, юрта, домбыра и другие национальные инструменты, доспехи батыра, оружие, народные игры, достопримечательности казахов как Жети казына, Аламан байга, Кокпар и многое другое. Казах считается настоящим только при наличии этих духовных и материальных ценностей. И эти ценности являются той отличительной художественно-поэтической, тематической особенностью творчества Кадыра. Художественная поэтика акына формирует у подрастающего поколения национальное самосознание, красоту родного слова, духовную ценность.

Ключевые слова. Амуниция, шанырак, колыбель, зимовка, птицевод, домбыра, шежире, гость, аргымак и т.д.

NATIONAL TRADITION IN THE POETRY OF KADYR MYRZA ALI

Annotation. Kadyr Myrza Ali is a poet-writer whose work was entirely devoted to the idea of education and formation of the people's national spirit. In each of his works we can see the national-spiritual appearance, essence, mental nature, cultural and spiritual growth. His works widely represent the cultural and ethical features of Kazakh life, character and psychological development in different periods. The poet's language is truly folk. We can be convinced of this by reading his colorful artistic description of the history and character of the Kazakh people. Kadyr is a truly national poet-philosopher. Poems dedicated to children are filled with wisdom, insight and eloquence. The poet achieves this through the use of sacred national attributes, household items and surroundings that have become the code of the nation. These include endless steppes, hills and mountains, zhailau meadows and wintering grounds, fragrant wormwood, four types of livestock called "Tort Tulik", the national cradle, yurt, dombyra and other national instruments, batyr armor, weapons, folk games, Kazakh attractions such as "Jeti Kazyna", alaman baiga, kokpar and so on. Kazakh is considered real only if he has these spiritual and material values. And these values are the distinctive artistic, poetic, thematic feature of Kadyr's work. The artistic poetics of akyn shapes national self-awareness, the beauty of the native word, and spiritual value in the younger generation.

Key words. Ammunition, shanyrak, cradle, overwintering, aviarist, dombyra, shezhire, guest, argymak, etc.